

"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 шілдедегі №57/10 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 ақпандағы № 2/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 24 ақпанда № 8162 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 7/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 14.11.2023 № 7/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 шілдедегі № 57/10 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7580 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылы 20 тамызда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Шиелі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы*

*Шиелі аудандық
мәслихат хатшысы*

Е. Женсақбаев

Т. Жағыпбаров

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қызылорда облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы"
мемлекеттік мекемесімен*

Шиелі аудандық мәслихатының
2021 жылғы 19 ақпандағы
№ 2/3 шешіміне қосымша
Шиелі аудандық мәслихатының
2020 жылғы 30 шілдедегі
№ 57/10 шешімімен бекітілген

Шиелі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары

1. Осы Шиелі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

- 1) АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы;
- 2) арнайы комиссия - өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Шиелі ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;
- 3) ең төмен күнкөріс деңгейі - "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Қызылорда облысының Статистика департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
- 4) жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі - ЖАО) - Шиелі ауданының әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде Шиелі ауданының аумағында жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;
- 5) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

6) облыстық ЖИТС орталығы – "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "ЖИТС-ың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Қызылорда облыстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

7) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы - отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

8) өмірдегі қиын жағдай - азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

9) уәкілетті орган - "Шиелі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының "Халыққа қызмет көрсету бойынша Шиелі аудандық бөлімі";

11) учаскелік комиссия - әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін кент, ауылдық округ әкімінің шешімдерімен құрылатын комиссия ;

12) шекті шама - әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде ЖАО мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек өтінішті беру сәтінде өткен тоқсан үшін ұсынылған табыстар туралы мәліметтер негізінде өтініш берген айдан бастап тағайындалады .

Жиынтық табыс Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 5757 болып тіркелген) бекітілген, Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесіне сәйкес есептелінеді.

6. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстың ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2-тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек бір рет ақшалай төлем түрінде келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) 15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні:

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер - 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер - 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына енген жұмысшылары мен қызметшілері - 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері - 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері - 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік

қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш.

2) 26 сәуір - Халықаралық радиациялық апаттар мен аварияларда қаза болғандарды еске алу күні:

1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысқан адамдар - 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарынан мүгедек болған адамдар – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарына байланысты болған азаматтардың отбасылары – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

3) 9 мамыр - Жеңіс Күні:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілеріне - 1 000 000,0 теңге (бір миллион теңге) мөлшерінде және жергілікті бюджеттен – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы төлем;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қимылдары аудандарында, майдан маңындағы теміржол учаскелеріндегі, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылысжайларында жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілеріне – 1 000 000,0 теңге (бір миллион теңге) мөлшерінде және жергілікті бюджеттен – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы төлем;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға – 100 000,0 теңге (жүз мың теңге) мөлшерінде және жергілікті бюджеттен – 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы төлем, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – 100 000,0 теңге (жүз мың теңге) мөлшерінде бір жолғы төлем;

Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедегінің немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертiгу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетiндердi қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушiнiң, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалiмен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгiсiмен наградталған азаматтың екiншi рет некеге тұрмаған жұбайына (зайыбы) - 100 000,0 теңге (жүз мың теңге) мөлшерiнде бiржолғы төлем.

4) 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргiн және ашаршылық құрбандарын еске алу күнi:

саяси қуғын-сүргiн құрбандары, мүгедектiгi бар немесе зейнеткер болып табылатын, "Жаппай саяси қуғын-сүргiндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуiрдегi Заңында белгiленген тәртiппен ақталған саяси қуғын-сүргiндерден зардап шеккен адамдар - 3 (үш) айлық есептiк көрсеткiш.

5) 29 тамыз - Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күнi:

ядролық сынақтарға тiкелей қатысқан адамдар - 30 (отыз) айлық есептiк көрсеткiш;

ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдар – 30 (отыз) айлық есептiк көрсеткiш;

қайтыс болуы белгiленген тәртiппен азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектiлердегi ядролық сынақтарға байланысты қайтыс болған азаматтардың отбасылары - 5 (бес) айлық есептiк көрсеткiш.

8. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына:

1) табиғи зiлзаланың немесе өрттiң салдарынан зардап шеккен азаматтар (отбасылар);

2) өтiнiш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Шиелi аудандық мәслихаты ең төмен күнкөрiс деңгейiне еселiк қатынаста белгiлейтiн шектен аспайтын отбасылар (азаматтар);

3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған және туберкулезден емделудiң сүйемелдеу сатысындағы адамдар;

4) гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гемотологиялық аурулармен диспансерлiк есепте тұрған балалар;

5) облыстық ЖИТС орталығында диспансерлiк есепте тұрған АИТВ жұқтырған балалар;

6) халықтың әлеуметтiк жағынан осал топтарынан шыққан және өңiрге қажеттi мамандықтар бойынша күндiзгi оқу нысанында жоғарғы оқу

орындарында оқитын студенттер, медициналық резидентураның тыңдаушылары жатады.

9. Табиғи зілзалананың немесе өрттің салдарынан азаматтарға (отбасыларға, өрт оқиғасы орын алған мекен-жайда тұрақты тіркеуде тұратын) біржолғы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай:

отбасының қайтыс болған әр мүшесіне - 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш; оның мүлкіне зиян келген жағдайда 150 (бір жүз елу) айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде төленеді.

10. Әлеуметтік көмек, өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы Шиелі аудандық мәслихаты ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілейтін шектен аспайтын отбасыларға (азаматтарға) жылына бір рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

11. Әлеуметтік көмек, жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, жыл сайын тағайындалады, ай сайын 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған және туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы адамдарға төленеді.

12. Әлеуметтік көмек, жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, жыл сайын тағайындалады, ай сайын 7,6 (жеті бүтін оннан алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурулармен диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне төленеді.

13. Әлеуметтік көмек, жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, жыл сайын тағайындалады, ай сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде, облыстық ЖИТС орталығында диспансерлік есепте тұрған АИТВ жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне төленеді.

14. Әлеуметтік көмек өңірге қажетті мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орындарында және медициналық резидентурада күндізгі оқу нысанында оқитын халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарынан шыққан:

1) "Қызылорда облысының білім басқармасының "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің түлектеріне;

2) мүгедек балаларға, ата-анасының біреуі немесе екеуі де зейнеткер болып табылатын балаларға, ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын балаларға, асыраушысынан айрылған балаларға, көп балалы отбасылардың балаларына, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, егер отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті

қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің үш еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда;

3) аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспаған жағдайда жыл сайын тағайындалады және жылына бір рет төленеді.

Әлеуметтік көмектің мөлшері:

орта білім беру ұйымдарынан және колледжден кейін жоғары оқу орындарында "Бакалавр" академиялық дәрежесінде оқитын студенттерге - 392 (үш жүз тоқсан екі) айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

медициналық резидентураның тыңдаушыларына - 530 (бес жүз отыз) айлық есептік көрсеткіштен артық емес.

Әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттар уәкілетті органға жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарына студенттер қатарына қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Әлеуметтік көмек тағайындалғаннан кейін уәкілетті орган әлеуметтік көмек алушымен білім беру қызметтерін көрсетуге екі жақты шарт жасасады.

Ақшалай төлем түскеннен кейін әлеуметтік көмек алушы бес жұмыс күні ішінде оқу ақысын төлейді және уәкілетті органға төлем туралы түбіртек ті ұсынады.

Келесі оқу жылдары үшін әлеуметтік көмек тиісті оқу жылының басында төленеді.

Әлеуметтік көмек алушы оқуға жүйелі түрде қатыспағаны немесе үлгерімі нашар болғаны үшін жоғары оқу орнынан шығарылған жағдайда, оқуға төленген соманы өндіріп алу жергілікті бюджетке ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де тәртіппен жүргізіледі.

3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

15. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

16. Өмірде қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы немесе уәкілетті органға, кент, ауылдық округтің әкіміне мынадай құжаттармен:

1) жеке басын куәландыратын құжатпен;

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;

3) өмірде қиын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.

17. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

19. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 1, 2 – қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

20. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

21. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

23. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

24. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған

құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 20 және 21 - тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

26. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеружүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтіккөмек көрсету үшін Шиелі аудандық мәслихаты белгілеген шектен артқан жағдайда жүзеге асырылады.

4-тарау. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшіннегіздер

27. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруғаекеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5-тарау. Әлеуметтік көмекті төлеу және қаржыландыру

29. Әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктердегі және банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы алушылардың жеке шоттарына ақшалай сомаларды аудару жолымен жүргізіледі.

30. Әлеуметтік көмек тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгерісін ескере отырып төленеді.

31. Әлеуметтік көмек беруге шығыстарды қаржыландыру аудан бюджетінде көзделген ағымдағы қаржылық жылға арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Қорытынды ереже

32. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорларын пайдалана отырып жүргізеді.

Шиелі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына 1-қосымша

Өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ

20 ЖЫЛҒЫ " "

_____ (елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

2. Тұратын мекен жайы

3. Орын алуына байланысты өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген өмірдегі қиын жағдай

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам, оның ішінде:

						Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қай та даярлау,	
--	--	--	--	--	--	--	--

Р/с№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірдегі қиын жағдай
1	2	3	4	5	6	7	8

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны: _____, олардың ішінен жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдардың, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу қажет)

_____.

5. Тұрмыс жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге көрсету қажет):

_____.

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

_____.

Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)	Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы)

	берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)			, саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
тоқсанға	орта есеппен айына			
1	2	3	4	5
				6

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге тұрғын үйінің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі:

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты)

Жасалған актімен таныстым: _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартқан _____

Өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса) және қолы

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Күні _____

Шиелі ауданының әлеуметтік көмек
көрсету, оның мөлшерлерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына 2-қосымша

Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы

20__ ж. ____

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Қорытынды

қоса берілген құжаттармен ____ данада

20__ ж. " __ " _____ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы _____